КОПИЯ/КӨШІРМЕ

Ш Е Ш І М ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ АТЫНАН

19 наурыз 2024 жыл Іс № 7527-24-00-2/1239 Алматы қаласы

Алматы қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының құрамында: төрағалық етуші - судья Л.А. Исмаилбаева,
хатшылықта Б.Жексембай,
ашық сот мәжілісінде талап-арыз бойынша азаматтық істі қарап,

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Алматы қаласы Алатау ауданы әкімінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
Жеке кәсіпкер «CASE» Төкен Арайлым Бауыржанқызы

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
1. мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушы деп тануға;
2. тұрақсыздық айыбын өндіруді

СОТҚА ҚАТЫСҚАНДАР:
прокурор Кельдинова Ж.
талапкедің өкілі Абдимоминов Ф.
Жауапкер Төкен Арайлым Бауыржанқызы

СИПАТТАУ БӨЛІГІ

«Алматы қаласы Алатау ауданы әкімінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі-Талапкер) мен «CA8E» Жеке кәсіпкер (бұдан әрі- Жауапкер) арасында 2023 жылғы 02 қарашада №215 мемлекеттік сатып алу туралы шарты (бұдан әрі-Шарт) жасалды.

Шарттың 1 бөлімінің 1.1 тармағына сәйкес, Жауапкер осы Шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын оған қосымшаларда көрсетілген шарттарға, талаптарға сәйкес және баға бойынша қызмет(тер) көрсетуге міндеттенеді, ал Талапкер осы Шарттың талаптарымен көрсетілген қызмет(тер)ді қабылдауға және Шарт бойынша Талапкер өз міндеттемелерін тиісінше орындау шартында төлеуге міндеттенеді.

Құжатқа қол қойылған: Исмаилбаева Л. А., 29.03.2024

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

Шарттың 2 бөлімінің 2.1 тармағына сәйкес, шарттың жалпы сомасы №1 қосымшада айқындалады және 2 497 000 (екі миллион төрт жүз тоқсан жеті мың) теңгені құрайды және қызметтерді көрсетумен байланысты барлық шығыстарды, ҚҚС-сыз қамтиды делінген.

Техникалық сипаттамаға сәйкес, Алатау ауданы әкімі аппараты ғимаратының алдындағы алаңда (қаршалар - 120 м., 3 дана арка, 4 дана аққала, 1 дана аяз ата мен ақшақар, 1 дана шанамен бұғы, 1 дана орман жануарлары (композиция) шағын архитектуралық нысандары (МАФ) ағымдағы жылдың 31 желтоқсанына дейін толық орнатылуы тиіс болған.

Алайда, 2023 жылдың 21 желтоқсанында аталған сиппатамалардың ішінен тек қаршалар ғана орнатылды.

Бірақ осы қаршаларда белгісіз жағдайлармен істен шығып, Жауапкердің тарапынан қалпына келтірілмеді.

Жасалған келісім-шарттың шарттары негізінде, көрсетілген қызмет үшін төлемдер, жұмыстар толық аяқталған жағдайда ғана төленеді (2.3 тармақ).

Жұмыстардың толық орындалмағанына қарамастан, 2023 жылдың 25 желтоқсанында Жауапкер Талапкердің атына 100 % жұмыстар аяқталды деп, істің нақты мән-жайына сәйкес келмейтін актіні жолдап, төлемдерді жасауын талап етеді.

Осыған орай, Талапкерге, Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Қазынашылығының 2023 жылдың 27 желтоқсан күні бүкіл қаржы операцияларын (төлемдер және т.б.) соңғы жүргізілетін күні туралы, 2023 жылғы 26 желтоқсанда Жауапкерге шығ.№ 21.4-21/2306-и хатымен жолданды (көшірмесі тіркеледі).

Осы сәтте, Жауапкерге өзі ұсынып отырған Актісі заңсыз екендігі, себебі 2023 жылдың 25 желтоқсан жағдайы бойынша келісім-шарттың жұмыстары толық орындалмаған жөнінде анық білді.

Жауапкер, 2023 жылдың 21 желтоқсанынан бастап (қаршалар орнатылған күні), 27 желтоқсанына дейін Шарттың міндеттемелерін толық орындауға мүмкіншілігі болды.

Осыған байланысты, жұмыстардың толық орындалмағандығын ескере отырып, Талапкер Жауапкердің атына 2023 жылдың 29 желтоқсанында жоғарыда көрсетілген шағын архитектуралық нысандары (МАФ) - 4 дана аққала және 1 дана аяз ата мен ақшақар толық орнатылмаған туралы наразылық хат жолдайды. Осыған ұқсас, 2023 жылдың 31 желтоқсандағы жағдай бойынша да орнатылмаған.

Жауапкердің айтуынша, келісім-шарттың мерзімі 2023 жылдың 31 желтоқсаны болғандықтан, келісім-шарттың шарттарын толық осы мерзімге (аптаның жексенбісіне) орындауға құқылы.

Келісім-шарттың 7.3 тармағына сәйкес қызмет көрсету мерзімдерін өткізіп алған жағдайда, Тапсырыс беруші Өнім берушіден ол міндеттемелерін толық орындамаған жағдайда мерзімі өткен әрбір күн үшін шарттың жалпы сомасының 0,1 % мөлшерінде тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) ұстайды (өндіріп алады) не міндеттемелерін тиісінше

Құжатқа қол қойылған: Исмаилбаева Л. А., 29.03.2024

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

орындамаған (ішінара орындамаған) жағдайда мерзімі өткен әрбір күн үшін орындалмаған міндеттемелер сомасының 0,1 % мөлшерінде тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) ұстайды (өндіріп алады). Бұл ретте тұрақсыздық айыбының (өсімпұл) жалпы сомасы Шарттың жалпы сомасының 10 %-нан аспауға тиіс.

Сол себепті, 2023 жылдың 03 қарашадан - 31 желтоқсанына дейін 61 күн келісім-шарт талаптары толық орындалмады, толық сома өсімпұл - 152 317 (жүз елу екі мың үш жүз от жеті) теңгені құрайды.

Сонымен қатар Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодекстің және шарттың талаптарына байланысты дауды сотқа дейінгі реттеу тәртібі мақсатында жауапкерге 2023 жылдың 26, 29 желтоқсанында және 2024 жылдың 03 қаңтарында сотқа дейінгі хабарлама жолданды.

Алматы қаласы Алатау ауданы әкімінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесі жауапкерге жеке кәсіпкер «CASE» Төкен Арайлым Бауыржанқызы сотқа мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушы деп тануды талаппен жүгінді және 152 317 тенге тұрақсыздық айыбын өндіруді сұрады.

Алайда, жауапкер жұмысты толық орындамады.

Сот отырысында талапкердің өкілі арызда көрсетілген негіздермен арызды қанағаттандыруды сұрады.

Жауапкер талап арызды қанағаттандырусыз қалдыруын сұрады.

Прокурор талапты ішінара қанағаттандыру туралы қорытынды берді.

УӘЖДЕУ БӨЛІГІ

Талап 1

АПК-нің 72 бабының талабына сай, әр тарап өзінің талаптарының және қарсылықтарының негізі ретінде сілтеме жасайтын мән-жайларды дәлелдеуге, қорғаныс құралдарын пайдалануға, фактілерді растауға, оларға дау айтуға, процесті адал жүргізуге сәйкес келетін және іс жүргізуге жәрдемдесуге бағытталған дәлелдемелер және дәлелдемелерге қарсы қарсылықтарды судья белгілеген мерзімде келтіруге тиіс.

Азаматтық кодексінің 272-бабы бойынша, міндеттеме - міндеттеме шарттары мен заң талаптарына сәйкес тиісінше орындалуға тиіс, ал мұндай шарттар мен талаптар болмаған жағдайда - іскерлік қызмет өрісіндегі әдеттегі құқықтарға немесе әдетте қойылатын өзге де талаптарға сәйкес орындалуға тиіс.

Азаматтық кодексінің 268-бабына сай міндеттемеге сәйкес бір адам (борышқор) басқа адамның (несие берушінің) пайдасына мүлік беру, жұмыс орындау, ақша төлеу және т.б. сияқты белгілі бір әрекеттер жасауға, не белгілі бір әрекет жасаудан тартынуға міндетті, ал несие беруші борышқордан өз міндеттерін орындауын талап етуге құқылы.

Жауапкер бір қызмет-конференциялар, форумдар, семинарлар, конкурстар, корпоративтік, спорттық, мәдени, мерекелік және балама іс-

Құжатқа қол қойылған: Исмаилбаева Л. А., 29.03.2024

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

шараларды ұйымдастыру/өткізу бойынша қызметтер толық орындамандығын анықталды.

Заңның 12 бабының 4 тармағында, және 4 тармағының 3) тармақшасында мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізімі өздерімен жасалған мемлекеттік сатып алу туралы шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісінше орындамаған өнім берушілердің тізбесін білдіреді делінген.

Талап қоюшының «Алматы қаласы Алатау ауданы әкімінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесі мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушы деп тануға талап арызы қанағаттандырылуға жатады деп есептейді.

Талап 2.

АК-нің 293-нің -бабына сәйкес борышқор міндеттемесін орындамаған немесе тиісінше орындамаған ретте, атап айтқанда, орындау мерзімін өткізіп алған ретте несие берушіге төлеуге міндетті, заңдармен немесе шартпен белгіленген ақша сомасы айып төлеу (айыппұл, өсім) деп танылады. Айып төлеу туралы талап бойынша несие беруші оған келтірілген залалдарды дәлелдеуге міндетті емес.

7.3 тармағана сәйкес қызмет көрсету мерзімдерін өткізіп алған жағдайда, Тапсырыс беруші Өнім берушіден ол міндеттемелерін толық орындамаған жағдайда мерзімі өткен әрбір күн үшін шарттың жалпы сомасының 0,1 % мөлшерінде тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) ұстайды (өндіріп алады) не міндеттемелерін тиісінше орындамаған (ішінара орындамаған) жағдайда мерзімі өткен әрбір күн үшін орындалмаған міндеттемелер сомасының 0,1 % мөлшерінде тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) ұстайды (өндіріп алады). Бұл ретте тұрақсыздық айыбының (өсімпұл) жалпы сомасы Шарттың жалпы сомасының 10 %-нан аспауға тиіс.

Сол себепті, 2023 жылдың 03 қарашадан - 31 желтоқсанына дейін 61 күн келісім-шарт талаптары толық орындалмады, толық сома өсімпұл - 152 317 (жүз елу екі мың үш жүз от жеті) теңгені құрайды.

Талапкер өндіріп алу үшін 152 317 тенге көлемінде айыппұл сомасын ұсынды.

Бұл талап қоюшымен есептелген тұрақсыздық айыбының көлемі дұрыс саналмаған деп сот есептейді, айыппұл сомасы расталмаға.

Бұл тұрғыда талап қоюшының жауапкерден 152 317 тенге тұрақсыздық айыппұл өндіруді сұраған талаптың бөлігі қанағаттандырылуға жатпайды деп санайды.

ҚР АІЖК -нің 117 -бабының 1 -бөлігіне сәйкес, жауапкер 1 846 теңге көлемінде мемлекеттік баж төлеу бойынша шығыстарды өндіріп алуға жатады.

ҚАРАР БӨЛІГІ

ҚР АІЖК-нің 223-226 баптарын басшылыққа ала отырып, сот

Ш Е Ш І М Е Т Т І:

Құжатқа қол қойылған: Исмаилбаева Л. А., 29.03.2024

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

Талапкер «Алматы қаласы Алатау ауданы әкімінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесі мемлекеттік жауапкер жеке кәсіпкер «CASE» Төкен Арайлым Бауыржанқызы мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушы деп тануға туралы талап арызын – ішінара қанағаттандырылсын.

Жеке кәсіпкер «CASE» Төкен Арайлым Бауыржанқызы мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушы деп танылсын.

Жеке кәсіпкерден «CASE» Төкен Арайлым Бауыржанқызы мемлекет пайдасына 1 846 (бір мың сегіз жүз қырық алты) теңге мемлекеттік баж алымы өндірілсін.

Талап қоюдың қалған бөлігін қанағаттандырудан бас тарту.

Шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап бір ай ішінде Қазақстан Республикасы Азаматтық процестік кодексінің 403, 404 баптарының талаптарына сәйкес Алматы қалалық сотына Алматы қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы шағым, наразылық келтірілуі мүмкін.

Судья Исмаилбаева Л.А.

Құжатқа қол қойылған: Исмаилбаева Л. А., 29.03.2024

7527-24-3-1/1217